

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне аккредитивтердің қолданылу мерзімін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қаңтардағы N 64 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республикалық бюджет комиссиясының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті ашқан:

014 "Терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасы", 207 "Саперлік бөлімшелерді материалдық-техникалық жарақтандыру", 104 "Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес мемлекеттік бағдарламасы" бюджеттік бағдарламалары бойынша "Victory LTD" ЖШС-мен жасасқан 2003 жылғы 2 желтоқсандағы NN 623, 624, 625, 626, 627, 628, 629, 635 және "ОТС Netwok" ЖШС-мен жасасқан 2003 жылғы 31 қазандағы NN 573, 575, 2003 жылғы 14 қарашадағы N 589 шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне;

014 "Терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасы" бюджеттік бағдарламасы бойынша "Минск авиажөндеу зауыты" біртұтас кәсіпорнымен жасасқан 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 798-96 келісім-шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлер комитетінің 3656 әскери бөліміне аккредитивтердің қолданылу мерзімін 2004 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі